

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТІЛДІ»

Шерхан Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз университетінің
ректоры, п.ғ.д., профессор

М. Сарыбеков

« 26 » 11 2025 ж.




SHERKHAN MURTAZA
UNIVERSITY

**ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

СМЖ Е 4-2-12-2023

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым


Тараз 2025 ж.

	<p align="center">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</p>	<p>Е 4-2-12-2023</p>
	<p align="center">Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже</p>	<p>СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023</p>

АЛҒЫ СӨЗ


1.	Әзірлегендер	-	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасының басшысы Д.Д. Сәтбеков
2.	Келісілді:	-	Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор А.Е. Қудайбергенов
		-	Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы Б.К. Жундибаева

«Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті» мекемесінің Ғылыми кеңесінің ___ / ___ / 202__ ж. № ___ хаттамасымен бекітілді.

	<p align="center">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</p>	<p>Е 4-2-12-2023</p>
	<p align="center">Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p align="center">Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже</p>	<p>СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023</p>

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	4
2	Белгілер мен қысқартулар	4
3	Нормативтік құқықтық актілер мен құжаттар	4
4	Негізгі ұғымдар мен анықтамалар	5
5	Шетелдік талапкерлерді Университетке оқуға қабылдаудың ерекшеліктері	6
6	Шетелдік білім алушылардың Университетте болу тәртібінің ерекшеліктері	7
7	Өзгерістер енгізу тәртібі	11
8	Келісу, сақтау және тарату	11
9	Келісу парағы	12
10	Танысу парағы	13
11	Тарату парағы	14
12	Өзгерістерді тіркеу парағы	15

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-12-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҰ 17-2023

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті» мекемесінде (бұдан әрі - Университет) шетелдік студенттердің болу тәртібі туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) «Білім туралы», «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Университеттің Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2. Осы Ереже студенттер, магистранттар (бұдан әрі - шетелдік білім алушылар) болып табылатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты қолданылады және оларды Университетте қабылдауды, болуды және оқуды, сондай-ақ, мұндай білім алушыларды көші-қон есебіне қоюды және одан шығаруды ретке келтіру мақсатында енгізіледі.

1.3. Осы Ережеде шетелдік студенттер деп Университетте бакалавриат және магистратура бағдарламаларында оқитын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалар ретінде түсініледі.

2. БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

- | | |
|-------------------------------|---|
| Қазақстан Республикасының СІМ | – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі |
| Қазақстан Республикасы ІІМ | – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі |
| Жамбыл облысы ПД КҚБ | – Жамбыл облысы Полиция департаментінің көші-қон қызметі басқармасы |
| Тараз қаласы ПБ КҚБ | – Тараз қаласы Полиция басқармасының көші-қон қызметі бөлімі |
| ҒЖЖХББ | – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы |

3. НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР МЕН ҚҰЖАТТАР

Осы ереже мынадай сыртқы нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

3.1 Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы.


3.2 Университет Жарғысы.

3.3 «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2337 Заңы.

3.4 «Қазақстан Республикасына көшіп келушілердің келуі мен болуының, сондай-ақ, олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және көші-қонды бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы №148 Қаулысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына кіруге тыйым салынған адамдар».

3.5 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.

3.6 «Қабылдаушы адамдардың өздерінде болатын көшіп келушілер туралы ақпарат беру, сондай-ақ, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттік жол жүруі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-12-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҰ 17-2023

4. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

4.1 Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңына сәйкес:

4.1.1 Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататындығы туралы дәлелдері бар адамдар Қазақстан Республикасында шетелдік азаматтар деп танылады (2-бап);

4.1.2 Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына жататындығы туралы дәлелдері жоқ адамдарды азаматтығы жоқ адамдар деп таниды (2-бап);

4.1.3 Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын деп ішкі істер органдары берген рұқсат және тұрақты тұруға ықтиярхат алған шетел азаматтары танылады (4-бап);

4.1.4 Қазақстан Республикасында өзге заңды негізде жүрген шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасында уақытша болатын болып есептеледі. Олар белгіленген тәртіппен тіркелуге және өздері белгілеген болу мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан кетуге міндетті (4-бап);

4.1.5 Қазақстан Республикасындағы шетелдіктердің Барлық құқықтары мен бостандықтары болады, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңдарында және халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және халықаралық шарттарында белгіленген барлық міндеттерді атқарады (3-бап);

4.1.6 Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер өкілді және басқа да сайланбалы мемлекеттік органдар мен лауазымдарды сайлай алмайды және сайлана алмайды, сондай-ақ, республикалық референдумдарға қатыса алмайды (19-бап).

Иммигрант - Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.


Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды көші - қон есебі (тіркеу) - осы көші-қон туралы заңда көзделген шетел азаматтары туралы және азаматтығы жоқ адамдар туралы және шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың орнын ауыстыру туралы мәліметтерді тіркеу және қорыту жөніндегі қызмет.

Келуге және кетуге рұқсат (бұдан әрі - Виза) – Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының көшіп-қонушының паспортындағы немесе оны алмастыратын құжаттағы Қазақстан Республикасының аумағына кіруге, оның аумағы арқылы жүруге, Визада белгіленген мерзімде, мақсаттарда және шарттарда аумақта болуға және Қазақстан Республикасының аумағынан шығуға құқық беретін белгісі.

Өтінішхат - заңды немесе жеке тұлғаға, оның ішінде Қазақстан Республикасына келуге ниетті тұлғаға виза беру туралы жазбаша өтініш.

Шакырушы тарап - Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары, облыстар (республикалық маңызы бар қалалар, астана) әкімдерінің аппараттары, дипломатиялық өкілдіктер, шет мемлекеттердің консулдық мекемелері, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдар мен олардың өкілдіктері, жеке тұлғалар, сондай-ақ, Қазақстан Республикасында тіркелген, өтініш білдірген заңды тұлғалар (бұдан әрі-заңды тұлға) шетелдіктерге немесе азаматтығы жоқ адамдарға виза беру туралы өтініш.

Университеттің шетелдік білім алушылары - Университетте оқитын студенттер-басқа елдердің азаматтығы бар, азаматтығы жоқ немесе Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар. Шетелдік білім алушылар университетте оқытудың барлық нысандарындағы жоғары кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқиды.

	<p align="center">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</p>	<p>Е 4-2-12-2023</p>
	<p align="center">Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже</p>	<p>СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023</p>

Білім туралы құжаттарды тану - уәкілетті органның шетелдік білім беру біліктілігінің иесінің білім беру және/немесе кәсіптік қызметке қол жеткізуі мақсатында оның маңыздылығын ресми растауы («Еуропалық өңірдегі жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы конвенцияны ратификациялау туралы» 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы, бұдан әрі - Лиссабон конвенциясы).

Білім туралы құжаттарды нострификациялау - басқа мемлекеттерде, халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған адамдарға берілген құжаттардың баламалылығын анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім.

5. ШЕТЕЛДІК ТАЛАПКЕРЛЕРДІ УНИВЕРСИТЕТКЕ ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

5.1 Университетке шетел азаматтарын қабылдау республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен бөлінетін мемлекеттік білім беру гранттары, мемлекетаралық келісімдер негізіндегі квоталар, сондай-ақ ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау Университеттің қабылдау комиссиясы өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Қабылдау рәсімі академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын аяқталуы тиіс. Қабылдау туралы шешім қабылдау комиссиясының хаттамасына және Университет басшысының бұйрығына сәйкес рәсімделеді.

5.2 Шетел азаматтары бакалавриатқа – жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар тұлғалар ретінде; магистратураға – жоғары білімі бар тұлғалар ретінде қабылданады.

5.3 Шетел азаматы университетте «оқуға шақыру» (бұдан әрі - шақыру) бойынша оқу мақсатында Қазақстан Республикасына келуге құқылы.

5.4 Барлық жағдайларда шақыруды алған адамдар «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының орындалуына жауапты болады. Шақыруды алған шетелдік Қазақстан Республикасы СІМ консулдық мекемесінде кіру визасын ресімдегеннен кейін университетке Қазақстан Республикасына кіру пункті мен күні туралы хабарлауға міндетті.

5.5 Егер шақыруды алған шетелдік қандай да бір себептермен оқуға кіре алмаса - шақыру бланкісі Университетке қайтарылуы тиіс.

5.6 Оқуға келген шетелдіктермен Қабылдау комиссиясы әңгімелесу жүргізеді, оның нәтижелері бойынша олардың Университетте оқуға дайындық деңгейі айқындалады.


5.7 Қабылдау комиссиясы оқуға қабылдауға ұсынылған шетелдіктермен білім беру қызметтерін көрсету туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасайды, ол Университет пен Шетелдіктің бүкіл оқу кезеңіндегі құқықтары мен міндеттерін айқындайтын нормативтік құжат болып табылады.

5.8 Шетелдік білім алушының жеке іс-құжаты қабылдау қағидаларында көрсетілген құжаттарды қамтуы тиіс. Құжаттарды қабылдауды Университеттің Қабылдау комиссиясы жүзеге асырады.

5.8.1 Шет тілінде берілген барлық құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылуы тиіс.

5.8.2 Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар оқуға қабылданғаннан кейін, бірінші академиялық кезең ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нострификациялау рәсімінен өтуі қажет.

5.8.3 Талапкерлерді Университет білім алушыларының қатарына қабылдау фактісі бойынша Қабылдау комиссиясы Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-12-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже	СМДЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҰ 17-2023

басқармасына (бұдан әрі - ҒЖЖХББ) есепке қою үшін қабылданған шетелдік білім алушылардың тізімін ұсынады.

5.8.4 Шетелдік білім алушыларды басқа Университеттерден ауыстыру, академиялық демалысқа шығу кезінде, сондай-ақ, бұрын оқудан шығарылған білім алушылар қайта қабылданған жағдайда, факультет декандары мұндай білім алушыларды Тараз қ. ПБ КҚБ органдарында есепке қою үшін ҒЖЖХББ-на жібереді.

5.8.5 Қабылдау комиссиясы Тараз қ. ПБ КҚБ органдарында уақтылы есепке қою үшін Университетте білім алушылардың бұйрықтарының көшірмелерін ҒЖЖХББ-на жібереді.

5.9 Университеттің қабылдау комиссиясы міндетті:

5.9.1 Университетке оқуға түсетін шетел азаматтарының құжаттарын қабылдауды және тексеруді қамтамасыз етуге;

5.9.2 Құжаттарды қабылдау кезінде шетелдік білім алушылардың жеке істерін қалыптастыру;

5.9.3 Шетелдік білім алушыларды қабылдау туралы бұйрықтар дайындау.

5.10 Университетте оқу ақысы білім беру бағдарламасының бағытына, оқу тіліне және деңгейіне байланысты белгіленеді. Оқу ақысы жыл сайын Университеттің ресми сайтында жарияланады және келісімшартта көрсетіледі. Оқу ақысы жылдық немесе семестрлік негізде төленеді. Төлем банктік аударым арқылы, Университеттің есепшотына жүргізіледі. Оқу ақысын төлеу мерзімі – оқу жылының/семестрдің басында, академиялық күнтізбеде көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

5.11 Оқу ақысын қайтару шарттары:

- Оқудан өз еркімен шыққан немесе шығарылған студентке оқу ақысы келісімшартта көрсетілген тәртіппен қайтарылады.

- Академиялық демалыс алған жағдайда, төленген оқу ақысы келесі оқу жылына есептеледі.

- Оқу ақысын толық төлемеген студент курска тіркеле алмайды және емтихан тапсыруға жіберілмейді.

5.12 Университет оқу ақысын төлеудің икемді жүйесін қолданады. Қажет болған жағдайда, студенттер оқу ақысын бөліп төлеу туралы өтініш бере алады. Жеңілдіктер мен төлемді бөліп төлеу шарттары Университеттің ішкі құжаттарында көрсетіледі.

6. ШЕТЕЛДІК БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ УНИВЕРСИТЕТТЕ БОЛУ ТӘРТІБІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ


6.1 Шетелдік білім алушы Қазақстан Республикасының азаматтығы бар білім алушылардың барлық құқықтарына ие:

- Сапалы білім алуға, оқу бағдарламаларын толық меңгеруге;
- Университеттің ғылыми, мәдени, спорттық және әлеуметтік өміріне қатысуға;
- Қауіпсіздік пен қадір-қасиетінің қорғалуына, кемсітушіліктен қорғалуға;
- Жатақхана мен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын пайдалануға;
- Университет әкімшілігіне, құқық қорғау органдарына, прокуратураға және сотқа шағымдануға;
- Қажет болған жағдайда психологиялық, медициналық және құқықтық көмек алуға.


6.2 Шетелдік білім алушылардың міндеттері:

6.2.1 Қазақстан Республикасының заңдарын, көші-қон және виза режимін, Университеттің ішкі тәртіп ережелерін сақтау:

- Оқу бағдарламасын толық және сапалы меңгеру, сабақтарға жүйелі қатысу;

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-12-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҰ 17-2023

- Оқу ақысын және жатақхана төлемін уақытылы төлеу;
 - Жеке құжаттарын (паспорт, виза, тіркеу) уақтылы жаңарту және сақтау;
 - Қоғамдық тәртіпті, академиялық адалдықты сақтау, академиялық және тәртіптік бұзушылықтарға жол бермеу;
 - Жатақхана мен оқу ғимараттарында ішкі тәртіпті сақтау, материалдық құндылықтарға ұқыпты қарау;
 - Қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау.
 - Қазақстан Республикасының аумағында әрқашан өзімен бірге төлқұжат, тіркеу туралы куәлік, студенттік билет немесе университетке қабылдау туралы анықтама болуы тиіс. Университет әкімшілігі визаны ресімдеу үшін жоғарыда аталған құжаттардың бірін берген жағдайда, білім алушының өзімен бірге осы құжаттың көшірмесі болуы қажет. Жеке басын куәландыратын құжаттардың болмауы ұсталуға және жеке басын анықтағанға дейін полиция бөлімшесіне жіберуге әкелуі мүмкін;
 - Паспортты немесе оны алмастыратын басқа құжатты жоғалтқан кезде бұл туралы топтың кураторына және ҒЖЖХББ қызметкерлеріне, сондай-ақ, өз елінің Қазақстандағы елшілігіне дереу хабарлау қажет. Жаңа паспортты алғаннан кейін 1 жұмыс күні ішінде оны көші-қон полициясында тіркеуді ресімдеу үшін университеттің ҒЖЖХББ-на ұсынсын;
 - Оқудан шығарылғаннан кейін оқу визасының қолданылу мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан кету немесе ҒЖЖХББ, топ кураторларын, факультет декандарын жазбаша нысанда уақтылы хабардар ету:
 - Қазақстан Республикасының басқа қалаларына сапарлар туралы;
 - тұрғылықты мекен-жайын өзгерту туралы;
 - отбасылық жағдайдың өзгеруі (некеге тұру) туралы;
 - азаматтықты өзгерту туралы;
 - тұруға ықтиярхат алу туралы;
 - телефон нөмірін өзгерту туралы;
 - оқу жоспарында немесе жеке оқу жоспарында көзделген оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысу, білім беру бағдарламасын адал меңгеру, сабаққа өз бетінше дайындықты жүзеге асыру;
 - оқушы сабақты өткізіп алғаннан кейін үш оқу күні ішінде Университетке растайтын құжаттарын қоса бере отырып, өткізіп алу себептері туралы түсіндірме жазба ұсынуға міндетті. Ауру бойынша сабақтаң бас тарту немесе кету расталады.
- 6.2.2 Этникалық қазақтарды қоспағанда, білім алу мақсатында келетін көшіп келушілердің тұруына, сондай-ақ, оқуына ақы төлеу үшін қажетті өзінің төлем қабілеттілігін растауды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен және мөлшерде ұсыну («өзінің төлем қабілеттілігін растауды ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №396 бұйрығы»),
- 6.2.3 Таңдалған мамандық бойынша оқудан өтуге кедергі келтіретін аурулардың жоқтығын растайтын медициналық анықтама ұсыну. Медициналық анықтама (көшірме) білім алушылардың осы тобы бойынша жеке есепке алуды жүргізу және олардың медициналық рәсімдерден өтуін бақылау үшін университеттің медициналық пунктіне беріледі.
- 6.2.4 Университеттің білім алушы мәртебесі бар шетелдік азаматтарға коммерциялық қызметпен айналысуға немесе жалдау бойынша жұмыс істеуге тыйым салынады.

	<p align="center">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</p>	<p>Е 4-2-12-2023</p>
	<p align="center">Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы</p> <p align="center">Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже</p>	<p>СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҰ 17-2023</p>

6.2.5 Шетелдік білім алушылар паспорттың, тіркеу мен визаның қолданылу мерзімдерін бақылауға және оларды уақтылы ұзартуға міндетті.

6.2.6 Қазақстан Республикасына келген шетелдік студенттер үш жұмыс күні ішінде көші-қон полициясында тіркелуі тиіс. Тіркеу үшін ҒЖЖХББ-на келесі құжаттар ұсынылады:

- төлқұжат (паспорт);
- 1 дана 3x4 фотосурет;
- жатақханада тұруға өтініш (университет жатақханасының мекен-жайы бойынша есепке қою кезінде). Жеке мекен-жай бойынша есепке қойылған жағдайда жоғарыда аталған құжаттарға мыналарды қосымша ұсыну қажет:
 - тұрғылықты жерінен мекен-жай анықтамасының көшірмесі (мекен-жайы көрсетілген бет және тұрғын үй иесінің Т. А. Ә., тіркелген беті);
 - меншік құқығын растайтын құжаттардың көшірмесі;
 - тұрғын үй иесінің өтініші (келісімін жеке растау).

6.2.7 Шетелдік білім алушылар міндетті түрде ҒЖЖХББ-на көші-қон заңнамасын сақтау бойынша нұсқаулықтан өтуге, көші-қон заңнамасы бойынша жадынама алуға тиіс.

6.2.8 Білім алушы тұрақты тұратын елге кеткен жағдайда өтініш жаза отырып, Университетке және ҒЖЖХББ бас маманына алдын ала хабарлауға тиіс.


6.3 Визалық тәртіппен келген шетел азаматының Қазақстан Республикасында уақытша болу мерзімі оған берілген визаның қолданылу мерзімімен айқындалады. Қазақстан Республикасына виза алуды талап етпейтін тәртіппен келген шетел азаматының Қазақстан Республикасында уақытша болу мерзімі, Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, 90 тәуліктен аспауға тиіс.

6.3.1 Күндізгі оқу нысанындағы шетелдік білім алушының Қазақстан Республикасында уақытша болу мерзімі білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарт негізінде жасалған шарттың қолданылу мерзіміне, бірақ, шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасына келген күнінен бастап есептелетін бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

6.3.2 Қазақстан Республикасының аумағына визасыз кіруді, шығуды, жүріп-тұруды, транзиттік жол жүруді және Қазақстан Республикасында визасыз болуды көздейтін өзара сапарлар туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары жасалған мемлекеттердің азаматтары ғана кіре алады. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы, Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Молдова Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Украина арасында өзара визасыз сапарлар туралы келісімдер жасалды.

6.3.3 Визалық режимі бар елдерден Қазақстан Республикасына оқуға келетін шетел азаматтары С9 санатындағы студенттік визаны рәсімдеуі тиіс. Бұл виза бір жылға беріледі және оқу мерзіміне қарай жыл сайын ұзартылуы мүмкін. Виза рәсімдеу үшін талапкер келесі құжаттарды ұсынады:

- Паспорттың түпнұсқасы және көшірмесі (жарамдылық мерзімі виза аяқталғаннан кейін кемінде 3 ай болуы тиіс);
- Университеттен шақыру хат;
- Визалық сауалнама (толтырылған);
- 3,5x4,5 см көлеміндегі фотосурет;
- Консулдық алым төленгені туралы түбіртек (30 АЕК көлемінде);

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-12-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҰ 17-2023

- Дактилоскопиядан өткені туралы анықтама (қажет болған жағдайда).

Виза рәсімдеу тәртібі мен құжаттар тізімі талапкердің азаматтығына және Қазақстан Республикасының елшілігі немесе консулдығының талаптарына байланысты өзгеруі мүмкін. Виза рәсімдеу мерзімі – 5–30 жұмыс күні.

6.3.4 Визалық кіру елдерінің білім алушылары Қазақстан Республикасы ІІМ Жамбыл облысы полиция департаментінің көші – қон полициясы басқармасында (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы ІІМ Жамбыл облысы ПД КҚБ) көп мәрте оқу визасы үшін өтінішхатты ресімдеу үшін визаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 30 күннен кешіктірмей ҒЖЖХББ-на жүгінуге міндетті. Виза мен тіркеу мерзімін сақтау – студенттің жеке жауапкершілігі.

6.3.5 Бірнеше рет оқу визасын ресімдеу арқылы болу мерзімін ұзарту үшін шетелдік білім алушы Қазақстан Республикасы ІІМ Жамбыл облысы ПД КҚБ-не мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

- шетел азаматының жарамды паспорты және шетел азаматы туралы мәліметтерді қамтитын паспорт беттерінің көшірмелері;
- төлқұжат; (паспорт)
- 1 дана 3x4 фотосурет;
- виза үшін мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртек;
- «қазақ» ұлтын растайтын анықтама (мемлекеттік баж төлеуден босату үшін қазақ диаспорасының тұлғаларына);
- оқу туралы анықтама немесе университетке оқуға қабылдау туралы бұйрық;
- университеттің жазбаша өтініші. Өтінішхатта виза беруге (ұзартуға, қалпына келтіруге) негіз болған мән-жайлар көрсетіледі. Өтінішті ҒЖЖХББ ресімдейді.


6.3.6 Университетте оқу кезеңінде ұлттық құжаттардың (паспорттардың немесе оларды алмастыратын өзге де құжаттардың) қолданылу мерзімі аяқталатын шетелдік білім алушылар шетелдік білім алушының жеке ісіне өзгерістер енгізу үшін жаңа ұлттық құжатты алғаннан кейін 3 күннен кешіктірмей оларды уақтылы ауыстыруға және олардың көшірмелерін ҒЖЖХББ-на беруге міндетті.

6.3.7 Паспортты немесе оны алмастыратын басқа құжатты жоғалтқан кезде шетелдік білім алушылар бұл туралы дереу ҒЖЖХББ-на және өз елінің Қазақстан Республикасындағы Елшілігіне хабарлауға тиіс. Жаңа төлқұжат алғаннан кейін шетелдік азамат оны тіркеу және болу орны бойынша көші-қон есебіне қою үшін бір тәулік ішінде ҒЖЖХББ-на ұсынуға міндетті.

6.3.8 Оқу уақытында Қазақстан Республикасынан шетелге шығуы тек дәлелді себептермен (некені тіркеу, жақын туыстарының қайтыс болуы және т.б.) және ресми растайтын құжаттар болған кезде ғана жүзеге асырылады. Бұл жағдайда шетелдік білім алушы Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі проректордың және ҒЖЖХББ басшысының келісілген колдарын ала отырып, университет Ректорының атына өтініш жазуы тиіс.

6.3.9 Шетелдік студент негізсіз себептермен немесе дәлелсіз себептермен қатарынан 10 күн ішінде оқуға келмеген жағдайда, ҒЖЖХББ Тараз қ. ПБ КҚБ-не дереу хабарлама дайындайды. Университетті бітіргеннен және оқудан шығарғаннан кейін шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасынан әкімшілік белгілеген мерзімде кетуге тиіс.

6.3.10 ҒЖЖХББ Тараз қ. КҚБ-нің Университетте оқитын шетел азаматтарын тіркеу/қайта тіркеу үшін құжаттар жинағына қойылатын талаптарын үнемі нақтылайды және өзгерістерді білім алушылардың назарына жеткізеді.

	<p align="center">Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті</p>	<p>Е 4-2-12-2023</p>
	<p align="center">Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже</p>	<p>СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023</p>

6.3.11 Шетелдік білім алушы 2 күн ішінде (телефонның жоғалуы немесе телефон нөмірінің өзгеруі, жатақханадағы бөлменің өзгеруі, паспорттың қолданылу мерзімін ұзарту, тұруға рұқсат алу және т.б.) олардың болуына, оқуына және байланыс ақпаратына қатысты барлық оқиғалар мен өзгерістер туралы ҒЖЖХБ-на хабарлауға міндетті.

6.3.12 Қазақстан Республикасының заңнамасын әкімшілік бұзуға жол берген университетте оқитын шетел азаматы өз тарапынан да, қабылдаушы тарап үшін де (Университет) жауапты болады.

6.4 Университет шетелдік студенттердің тілдік, академиялық және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында арнайы адаптациялық бағдарламалар ұйымдастырады. Бұл бағдарламаларға мыналар кіреді:

- Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыту курстары;
- Академиялық жазу, презентация жасау, ғылыми зерттеу әдістері бойынша тренингтер;
- Қазақстанның тарихы, мәдениеті және құқықтық жүйесі туралы ақпараттық семинарлар;
- Психологиялық қолдау және кеңес беру қызметтері.

6.5 Шетелдік студенттерге психологиялық кеңес беру, мәдени шокты жеңу, стрессті басқару, әлеуметтік байланыстар орнату бойынша тренингтер өткізіледі. Университетте еріктілер ұйымы, студенттік клубтар, қызығушылық бойынша үйірмелер жұмыс істейді. Бұл шаралар студенттердің жаңа ортаға тез бейімделуіне, академиялық және әлеуметтік интеграциясына ықпал етеді.

6.5 Шетелдік студенттер Қазақстан Республикасының заңнамасын, көші-қон және виза режимін бұзған жағдайда әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Бұзушылық түріне қарай келесі шаралар қолданылады:

- Ескерту;
- Сөгіс немесе қатаң сөгіс;
- Университеттен немесе жатақханадан шығару;
- Қазақстан Республикасының аумағынан шығару (көші-қон заңнамасын өрескел бұзған жағдайда).

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

7.1. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университет Ректорының бұйрығымен немесе өкімімен енгізіледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Ережеге және оның орындалуына қатысты кез келген бұйрықтар мен өкімдер міндетті түрде Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасына беріледі, сондай-ақ, осы Ережеге қоса беріледі.


7.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

8. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ


8.1 Осы Ереже Университет Ректоры оны бекіткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ол жойылған сәтке дейін қолданылады.

8.2 Шетелдік студенттердің деректер базасын жүргізу, олардың санын есепке алу, статистикалық есептілікті дайындауды ҒЖЖХББ қамтамасыз етеді.

8.3. Осы Ереженің жұмыс данасын сақтау және пайдаланушыларға жөнелту үшін жауапкершілік ҒЖЖХББ-на жүктеледі.

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті	Е 4-2-12-2023
	Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар басқармасы Шетел азаматтарын оқуға қабылдау туралы ереже	СМЖ «Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар» ҮК ҚҮ 17-2023

9. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Келісілді:			
Стратегия, ғылым-инновация және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры	А.Е. Кудайбергенов		
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева	